

Қ.Е. Тауенов¹, Н.Б. Сейсен², А.А. Ивашов¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

² Халықаралық Туризм және меймандостық университеті

ҚАРТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАТЫСУЫ: МӘСЕЛЕГЕ ТЕОРИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Аңдатпа

Мақала «қарт адамдар» терминін және оның әлеуметтік ғылымдағы типологиясын анықтауға арналған. Әлемде егде жастағы адамдар санының өсуі байқалады, осыған байланысты қарт адамдарды қазіргі заманғы экономикалық әлемге бейімдеу бойынша әлеуметтік бағдарламаларды өрістетуге қажеттілігі пайда болды. Егде жастағы адамдардың әлеуметтік бейімделу мәселелері әлеуметтік ғылымды зерттеу пәні болып табылады, сондықтан «қарт адамдар» ұғымын талдау ғылыми-зерттеу қызметі тұрғысынан маңызды болып табылады.

Түйін сөздер: қарт адамдар, геронтология, қартаюу мәселелері, бейімделу, нарықтық экономика, медициналық-әлеуметтік мекемелер, мемлекеттік қолдау.

Тауенов К.Е.¹, Сейсен Н.Б.², А.А. Ивашов²

¹ Казахский национальный педагогический университет имени Абая

² Международный Университет Туризма и гостеприимства

СОЦИАЛЬНОЕ УЧАСТИЕ ПОЖИЛЫХ ЛЮДЕЙ: ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ ПОДХОД К ПРОБЛЕМЕ

Аннотация

Статья посвящена определению термина «пожилые люди» и ее типологии в социологической науке. В мире наблюдается рост людей преклонного возраста, в связи с чем появилась потребность развертывания социальных программ по адаптации пожилых людей к современным экономическим реалиям. Проблемы социальной адаптации людей пожилого возраста является предметом изучения социальной науки, поэтому анализ понятия «пожилые люди» представляется важным с точки зрения научно-исследовательской деятельности.

Ключевые слова: пожилые люди, геронтология, проблемы старения, адаптация, рыночная экономика, медико-социальные учреждения, государственная поддержка.

К.Е. Тауенов¹, Н.Б. Сеисен², А.А. Ивашов²

¹ Kazakh National Pedagogical University named after Abai,

² International University of Tourism and Hospitality

SOCIAL PARTICIPATION OF ELDERLY PERSONS: A THEORETICAL APPROACH TO THE PROBLEM

Abstract

The article is devoted to the definition of the term «elderly people» and its typology in sociological science. The world is witnessing the growth of elderly people, in connection with which there is a need to deploy social programs to adapt older people to modern economic realities. The problems of social adaptation of the elderly is the subject of social science, so the analysis of the concept of «older people» is important from the point of view of research activities.

Keywords: elderly people, gerontology, problems of aging, adaptation, market economy, medical and social institutions, state support.

Кіріспе

Әлем халқының қартаюу үдерісінің шапшаң қарқынмен ұлғаюы мемлекеттік шенеуліктер мен қоғамдық ұйымдарды алаңдатуда. Біріншілерін мемлекет есебінен көрсетілетін әлеуметтік көмекке қажетті шығындар мазаласа, екіншілерін қарттардың әлеуметтік бейімделу қиыншылықтары алаңдатуда. Елдің әлеуметтік қамсыздандыру жүйелерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселесін қарастыру зерттеу пәніне жатпағандықтан, ғылыми жұмыс тақырыбында егде жасындағы адамдардың әлеуметтік орта үдерістеріне қатысу мәселесі зерделенеді.

Әлеуметтік үдерістерге қатысу – қарттардың қажеттілігін қанағаттандыруға, оларға тиімді әлеуметтік жағдай жасауға, мемлекеттің және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін іске асыруға, зейнеткерлерді «дұрыс қартаюу» идеясын ұстануға тартуға бағытталған іс-әрекет. Қарттарды әлеуметтік үдерістерге тарту үшін ең алдымен мемлекет және қоғам, отбасы тарапынан ынталандыру жұмыстарын жүргізу қажет. Қарт адамның өз өмірін өзгертуге бағытталған іс-қимыл, әрекет жасауы үшін оны алдымен өзі қалауы тиіс. Бұл жерде отбасы мен туыстарының белсенділік танытуы ерекше маңызды. Қазіргі заман қоғамында орын алып жатқан шапшаң өзгерістер қарт адамдардың іс-әрекеті мен мүдделерінің арасында көпір салғанның орнына, әлеуметтік белсенділікті танытуға мүмкіндік бермей отыр. Мемлекетке қанша сын таққанымен бәрі сол мемлекет аясында жүзеге асырылуы тиіс. Қаржы-қаражат та, бірінғай идеология да, қоғамдық белсенділік те мемлекеттен бастау алады. Егер жұмыла бұл іске кіріссе қарт адамдардың алдында алуан түрлі мүмкіндіктер ашылар еді. Ал ол өз кезегінде қарттардың жалғыздық пен әлсіздік сезімінен айырылуға көмектеседі.

Зейнет жасында өмір сүру сапасын арттыру мақсатына бағытталған, белсенді қартаюуға жол ашатын мемлекеттік бағдарламалар қазіргі заманда үлкен сұранысқа ие. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2002 жылы қабылдаған «Салауатты өмір сүру ұзақтығын, өнімділікті, және қартаюу шағында өмір сүру сапасын арттыру мақсатына жету үшін өмір бойы физикалық, әлеуметтік және психикалық әл-ауқат мүмкіндіктерін оңтайландыру үдерісі» атты бағдарламасы қартаюу мәселесіне кең ауқымды көңіл аудартуда.

Әлемнің әр еліндегі белсенді қартаюуға бағытталған мемлекет пен қоғам тарапындағы іс-әрекеттер егде жастағы адамдардың қоғамдық үдерістерге, экономикалық белсенділігіне мүмкіндік ашуға бағытталуы керек.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасында қарттардың өмір сапасы мен ұзақ өміріне баса көңіл аударылғандықтан, мемлекет және қоғам егде жастағы адамдардың қажеттілігі мен мұқтажын ескере отырып, әлеуметтік орта қажеттілігін өтеуге белсенді түрде тарту керек. Сонымен қатар, бос уақытын сапалы өткізуге, қажетті жағдайда оларға қосымша білім беруге бағытталған іс-шараларға қаржы қарастырылуы тиіс.

Қарт адамдардың еңбек нарығына белсенді араласуы нәтижесінде пайда болатын құндылықтарды санамағанда, ғылыми зерттеулер әлеуметтік үдерістерге араласу нәтижесінде зейнеткерлердің денсаулығының дұрысталып, оның нәтижесінде елдің денсаулық сақтау жүйесі мен халықты әлеуметтік қорғау жүйесіне келетін жүктемені төмендетуге мүмкіндік туғызатыны ғылыми тұрғыда негізделуде.

Сондықтан да мемлекетімізде БҰҰ-ның ұстанған бағытына сай «барлық жастағы қоғам құрылып», қартаюуға деген оң көзқарас қалыптасып, халықтың қарт тобының әлеуетін тиімді пайдалану өзекті болып отыр.

Негізгі бөлім

Халықтың қартаюуы әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және мәдени құбылыс ретінде әлемнің түрлі елдерінде көңіл аударар мәселеге айналуда.

Ғылыми әдебиеттер мен мақалаларда қарттардың әлеуметтік үдеріске қатысу мәселесіне арналған зерттеулер көбіне қарттардың әлеуметтік қатысуының детерминанттарын айқындауда. Мәселен, қартаюу әлеуметтануының жетекші мамандарының бірі В.Д. Шапироның

кітабында қарт адамдардың әлеуметтік белсенділігі геронтосоциологияның орталық мәселесі ретінде қарастырыла-ды, зейнетке шығудың әлеуметтанулық теориясы және өмірдің соңғы кезеңіндегі динамикасы туралы мәселелер қозғалады. Әлеуметтік зерттеулер негізінде қарт адамдардың әлеуметтік рольдері мен функцияларының құрылымы, сипаты мен мазмұны талданады.

Зерттеу барысында әлеуметтік қатысуға кедергі болатын себептер де қарастырылып, олардың қатарында денсаулық жағдайы бірінші орында тұр. Ал әлеуметтік қатысуға мүмкіндік ашатын ресурстар жайлы айтатын болсақ, оларға жеке тұлғаның адами, әлеуметтік және мәдени қоры алдыңғы орын алуға.

Қарттар үлесінің біраз бөлігі, нақтырақ айтқанда 1/3 жүрек-қан тамырлары, сүйек-бұлшық және өкпе аурулары сияқты созылмалы аурулармен ауыратын ескерсек, мемлекеттік бағдарламалар да осы жағдайды ескере жүзеге асырылуы қажет. Сондықтан да қарт адамдардың әлеуметтік үдерістерге қатысу мүмкіндігіне кедергі келтіретін себептер барынша терең зерделенуі тиіс.

Денсаулық пен қоғамдық өмірге белсенді қатысудың өзара байланысының маңыздылығын ескере отырып, егде жастағы адамдардың денсаулығына қатысты үрдістерді мүкіят зерделеу өте маңызды. Денсаулығының шектеулігіне қарамастан қарт адамдарды әлеуметтік ортаның өміріне белсенді тарту қажет.

Адамдардың қартаю үдерісі тек денсаулығының жағдайымен ғана емес, сонымен қатар көптеген факторлармен анықталады. Олардың ішінде биологиялық алғышарттар, әлеуметтік жағдайлар, қартаю мен өмір салтына деген көзқарас та бар [1]. Олардың еңбек қызметін тоқтатып зейнетке шығу сәтімен қатар қоғамда олардың мәртебесінің төмендеуі байқалады, Әлеуметтанулық зерттеулер нәтижесімен танысу барысында оның бірқатар себептері анықталды. Олардың ішінде зейнетақының төмен деңгейі, егде адамдардың көпшілігінде басқа табыс көздерінің болмауы, пәтерақысының жоғары деңгейі, дәрі-дәрмек пен сапалы медициналық көмектің оымбат болуы, жаңа нарықтық қатынасқа бейімделу қиыншылықтары, жаңа білім мен кәсіптерге қол жеткізе алмауы, еңбек нарығында сұранысқа ие болмауы, денсаулығының нашар болуы.

Кәсіби қызметінен алыстап зейнетке шыққан адам мемлекеттен тек зейнетақы алуға ғана емес, сонымен қатар жеке қажеттіліктерін жүзеге асыруға құқылы. Ол қажеттіліктер мәдени, рухани, қоғамдық, саяси немесе тіпті экономикалық бағытта болуы да мүмкін. Қазіргі Қазақстандағы жағдайды алып қарайық, еліміздің азаматтарының көп бөлігі қарттық тек аурушандықпен, зейнетке шығып үйде отырумен, жалғыздықпен, физикалық күш-қуаттың кетуімен, кәрі адамның алжуымен, дәрменсіздікпен байланыстырады. Бұл батыстық ұстанымға, яғни зейнеткерлердің әлеуметтік және жеке тұлғалық белсенділігін ұзақ уақыт бойына сақтау тұжырымына қайшы келеді. Онымен қоса қарт адамдардың өмірлік және кәсіби тәжірибесі басқаларына қарағанда анағұрлым жоғары.

Қарт адамдардың әлеуметтік белсенділігі субъективті (тұлғаның жеке басының қасиеттері, оның білімінің дейгейі, ынтасы мен өмірлік ұстанымы) және объективті факторларға (қарт адамға деген қоғам тарапынан оң немесе теріс көзқарас, қоғамдық ұйымдардың қызметі, шынайы демократиялық билік және шынайы әлеуметтік мемлекет) байланысты.

Әлеуметтік белсенділікті бірнеше аспектілерде қарастыруға болады:

Бір жағынан, әлеуметтік ортаға әсер ету нәтижес ретінде, екінші жағынан, осы ортаны анықтайтын фактор ретінде [2; 58 б.].

Әлеуметтік белсенділік таныту арқылы қарт адамдар өздерінің құпия мүмкіндіктерін іске асыруға, жаңа білім мен дағдыларды сіңіруге, айналасындағы ортаны өзгертуге мүмкіндік алады.

Әлеуметтану ғылымында әлеуметтік ортада белсенділік таныту субъектінің іс-әрекетінің болашақ қажеттіліктеріне, мүдделеріне, мақсаттары мен мұраттарына сәйкес әлеуметтік жағдай-ларды өзгертуге, әлеуметтік бастамаларды ұсынуға және жүзеге асыруға, өзекті мәселелерді шешуге қатысуға және қажетті әлеуметтік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған өмір сүру тәсілі ретінде анықталады. Қарттардың бір бөлігі өз мүдделеріне және

қызығушылықтарына сай клубтық белсенділікті таңдайды. Олар клубтарда:

- сүйікті ісімен айналысады;
- қызықтыратын тақырыптар бойынша дәріс тыңдайды, соның нәтижесінде жаңа білім алады, достық және қоғамдық жаңа байланыстар орнатады, жақын танысуға мүмкіндік алды;
- қарт адамдарға арнайы жасалған бағдарламалар бойынша денелерін шынықтырады;
- ғаламтор іспеттес жаңа технологиялармен танысады (ғаламтор қалада, елде, әлемде болып жатқан жағдайлардан хабардар болуға, алыстағы туған-туыстарымен байланыста болуға, ақпарат алуға, кітапханалардың электронды оқырманы болуға, мұражай мен жалпы елдерге онлайн саяхат жасауға, жаңа таныстар табуға мүмкіндік ашады) [2; 62 б.].

Қарттардың әлеуметтік үдерістерге қатысу мәселесін қарастыру үшін қоғамда көп тұтынылатын әлеуметтік қатысудың 5 түрі қарастырылады. Олардың қатарында еріктілік, бейресми күтім, білім беру саласы, қоғамдық өмірге араласу және діни ұйымдар жұмысына қатысу.

Білім беру саласында белсенділік танытқан қарттар өздерінің жеке дамуына, ақпараттық заман қоғамында өзгерістер мен жаңалықтардан хабардар бола алады. Ғылыми ізденістер мен сол зерттеулердің нәтижесі қарт адамдардың есте сақтау қабілетінің нашарлығы туралы аңызды жоққа шығаруда. Қарттар есте сақтау қабілетінің ерекше біртұтастығымен, ойының жетілгендігімен, өмірлік тәжірибесін кез-келген үдерісте дұрыс пайдалана алатындығымен сипатталады. Одан басқа егде жасындағы адамдар үшін оқу үдерісіне белсенді араласу есте сақтау қабілеттілігін жаттық-тырудың ең тиімді түрі. Жаңа білімге деген талпыныс ұрпаққа үлгі, замандастарға оң бағыт.

Білім беру қарт адамға болашаққа үлес қосып, өзін-өзі басқара алатын, өз-өзінің қабілетін жүзеге асыра алатын тұлға ретінде өзін сезінуге және де өзін-өзі танытуға қабілетінің жететіндігіне көз жеткізуге мүмкіндік береді. Ал волонтерлік қызмет өз жалғыздығынан арылуға және жақындарына пайда әкелуге жағдай жасайды. Президентіміз Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылды «Еріктілер жылы» деп жариялауы, бұл істі алдағы жылдарда да жалғастыру қажеттігін көрсетті.

«Мен еліміздің әрбір өңіріне волонтер болуға ниетті азаматтардың көп екеніне сенімдімін. Үкімет оларға қолдау көрсету үшін нақты шараларды қабылдайды. Біз оған зор мән береміз. Алайда Еріктілер жылы кезекті науқан емес. Осыны халыққа түсіндіруіміз керек» [3], деді Елбасы өзінің ресми БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында.

2016 жылы қабылданған Заң аясында еріктілік қызмет – «...өтеусіз негізде жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы қоғамдық пайдалы қызметті ерікті жүзеге асыруға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар» [4] ретінде белгіленген. Аталмыш заңның 4 бабының 1-ші тармағында волонтерлік қызметтің басты мақсаты ретінде «қоғамда азаматтық ұстанымды, өзін-өзі ұйымдастыруды, әлеуметтік жауапкершілік, ынтымақ, өзара көмек және мейірімділік сезімін қалыптастыру болып табылады» [4], - делінген.

Әлеуметтік қатысудың ең басты қаруы зейнет жасына келген адамның қызметін жалғастыра алу мүмкіндігі. Ол егде жасындағы адамға өзін қоғамға қажетті сезінуге көмектеседі және қоғамнан шеттетілмеуге жағдай жасайды. Бұл қызметтің мотиваторы адамның өзінің өмірлік қажеттіліктері, өмір бойы жинаған білімі мен біліктілігін болашақ ұрпаққа қалдыруға ұмтылыс. Әрине, өз қызметін зейнет жасында жалғастыруға мүмкіндік тек тұлғаның өзі қалаған кезде ғана мүмкін бола алады. Себебі, егде жастағы мәжбүрлі әрекет адам үшін өте қауіпті теріс эмоциялардың жинақталуына және әлеуметтік әл-ауқаттың нашарлауына әкеп соғуы мүмкін. Кейбір адамдар өз қызметіне жанымен беріліп, оны жеке өмірімен ұштастырса, кейбір адамдар қызметін адал орындағанымен бос уақытын жаны қалайтын кәсіпке жұмсайды. Әлеуметтік қатысу әлеуметтік қызметке дайындық ретінде адамның негізгі қажеттіліктеріне сәйкес әрекет етеді және қарт адамдардың іс-әрекет үдерісіне қатысуында байқалады.

Зейнеткерлердің әлеуметтік мінез-құлқын жандандырудың негізгі жолдарын бөліп көрсетуге болады:

- біріншіден, қаржылық жағдайды жақсартуға, балалар мен немерелерге көмек көрсетуге

мүмкіндік беретін жұмыспен қамту. Жұмыс адамға әріптестермен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді, өзін жақсы физикалық күйде ұстауға ынталандырады, қажетті және пайдалы адам ретінде өзін сезінуге жағдай жасайды;

- екіншіден, өзі әуестенетін іспен басқа замандастарымен айналысуға мүмкіндік беретін клубтар жұмысына қатысу;

- құрдастарымен бос уақытты белсенді өткізу (сауықтыруға бағытталған дене шынықтырумен айналысу, би сабақтары, ән айту);

- үшіншіден, қоғамдық ұйымдарға қатысу (ардагерлер кеңесі, зейнеткерлер партиясы және т.б.);

- төртіншіден, волонтерлік қозғалыс, оған қатысу өзінің жалғыздық және қажетсіздік сезімінен арылуға мүмкіндік береді [2; с,65].

Мемлекет қарт адамдардың әлеуметтік өмірге қатысуын жандандыру үшін басқа елдердің жинақтаған тәжірибесін мұқият зерделеу қажет. Сонда ғана шынайы тиімді іс-әрекетке қол жеткізуге болады. Әрбір ел бұл мәселені күн тәртібіне қойып дереу қолға алуы тиіс. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қабылдаған «Қартаю мәселесі бойынша Декларациясын» басшылыққа ала отырып қабылдануы тиіс бағдарламалар келесі мақсаттардың орындалуына бағытталуы керек:

- қарт адамдардың еліміздің экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени өміріне белсенді қатысуына жол ашу;

- қоғамда қарт адамдарға деген оң көзқарастың қалыптасуына қажетті саясат жүргізу;

- қарт адамдардың әлеуметтік қажеттіліктерін өтеуге бағытталған бағдарламалар мен іс-шаралар ұйымдастыру;

- еңбек және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету министрлігі жанында қарт адамдардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыруға қолдау көрсететін жауапты орган ашу.

Зейнет жасында қарт адамдар тарапынан белсенді өмір сүруге деген ынтаны тудыру және қолдау олардың өмір сапасын жақсартудың, кәрілікке оң көзқарастың қалыптасуына себепші болудың негізгі жолдары. «Белсенді қартаю» (БҰҰ-ның Еуропалық экономикалық комиссиясы енгізген терминология) ұстанымы арқылы қарт адам өз өміріне көңілі толып, денсаулығы мен шығарма-шылық ізденістерін басқара алуға мүмкіндік алады.

Көп жағдайда зейнетке шыққан адам бір қалыпты тұрмысқа бейімделгендіктен, бірден өз өмірін жаңа бағытта дербес ұйымдастыруда дәрменсіздік танытады және зейнеткерлік өмірін әлеуметтік маңызды сарында жүргізе алмайды.

«Әлеуметтік қатысу» идеясын жүзеге асыру бір жағынан жеке адамның біліміне, ынтасына, жеке басының қасиеттеріне, өмірлік қағидаттарына байланысты болса, екінші жағынан

- қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік институттардың жұмыстарын бағыттау мен қадағалауға, қоғамның барлық мүшелерінің мүдделері мен әрекеттерін үйлестіруге байланысты.

Бұл бастаманы қолға алу үшін қазақстандық қоғамда қайталанбас негіз бар. Ол аға буын өкілдеріне деген ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан құрмет пен ізет. Нарықтық экономика бұл жүйенің тек бір тобында ғана бүлінгенің байқатуда. Дегенмен, халықтың қалың тобы қарттарға қошемет көрсету тәрбиесін бойына тереңдей сіңіріп алған. Кәрілікке оң көзқарас қалыптастыру үшін қоғамда осы тәрбиені жалғастыру қажет. Қарттарға деген құрмет атмосферасы қалыптасуы тиіс.

Егер де мемлекет экономикалық себептерге байланысты қазіргі уақытта зейнеткерлерге толыққанды материалдық көмек көрсете алмаса, бастама ретінде қарттарға моральдық, психологиялық, ұйымдастырушылық қолдау көрсету қажет.

Жаңа білім мен дағдыларды, қарым-қатынастың жаңа формаларын, өзін-өзі дамыту мен танытуды тиімді жүзеге асыру үшін белсенді өмірлік ұстаным қажет. Бүгінгі таңда халықтың қартаю мәселесін шешудің екі ғана тиімді жолы бар. Ол бала өлімі көрсеткішін азайту және бала туу көрсеткішін арттыру. Ол мәселемен қатар орын алған жағдайды, яғни үлесі артқан қарттардың қалың тобының белсенділігін арттыруға тырысу керек. Онсыз да геронтологиялық қауіптердің эпицентрінде жүршег қарт адамдарға осы бағытта қолдау көрсетілсе артық болмас

еді.

«Геронтологиялық қауіптердің алуан түрлері бар: әлеуметтік оқшаулау, кедейлік, жесірлік, денсаулығының нашарлығы, ауру, тәуелділік дәрежесінің жоғарылауы, жеке тұрғын үйдің болмауы, отбасылық жайлылық. Ол қауіптер әлеуметтік тұрғыда дәрежесі төмен адамдар тобына кіретін қарт адамдарға теріс әсер етеді» [5; с.56-57].

Егде жасындағы адам іс-әрекет субъектісі ретінде әлеуметтік белсенділік танытып, ішкі сарындарын ояту қажет. Бұл «әлеуметтік қатысу» идеясын іске асыруға қажетті негіз. Әлеуметтану ғылымында іс-әрекеттің табиғаты ретінде субъектінің өз қызметін ішкі қажеттіліктеріне сай іске асыруымен сипатталады. Сол кезде ғана бұл іс-әрекет сырттан зорлап міндеттелген әрекет ретінде танылмайды. Керісінше, дербес, еркін әрекет түрінде жүзеге асады. Нәтижесінде қарт адам өзін-өзі, өз қызметінің субъектісі ретінде сезінеді, қызметі оған шынайы ляззат әкеледі. Осылайша «белсенді қартаю», «әлеуметтік қатысу» идеясы жүзеге асқан болып танылады.

Қорытынды. Қарт адамдар отбасының негізгі тірегі, оның тарихын сақтаушысы, ұрпақтар арасындағы «алтын көпір». Олар тұлғаралық қатынастардағы байланыстырушы буын, балалық шақ туралы алтын естеліктің құрастырушылары. Қазіргі таңда қарт адамдардың әлеуметтік белсенділігі екі бағытта іске асуда. Оның бірі отбасына әлеуметтік-экономикалық қолдау көрсетумен байланысты, ал екінші бағыт өз мүддесін қанағаттандырумен ұштасады. Әрине бұл екі бағыт бір-бірінен дербес жүзеге аспайды. Тек бірге ғана олар қарт адамға қоғам мен отбасына қажеттілік сезімін тудыруға, өмір сүру деңгейін жақсартуға себепші болады.

Қарт адамдардың әлеуметтік қатысуын жандандыру, олардың әдеттегі іс-әрекеттерін жалғастыруды білдірмейді, керісінше бұған дейін жоспарлап, іске асыра алмаған шығармашылық қабілеттерін немесе қызығушылықтарын жүзеге асыруға қоғам мемлекет және сол жеке тұлғаның өзінің күш жігерін жұмылдыруда айтамыз. Сол арқылы қарт адамдар тәуелсіздікке қол жеткізіп, қоғамға пайдалы іс-әрекеті арқылы жеке басының қасиеттерін дамытып, өзінің өмірін өз қолына алып қоғамдық пікірді өзгертеді.

Қоғамдық-саяси және әлеуметтік қызмет жеке қажеттіліктерге сәйкес қарт адамдардың әртүрлі іс-шараларға қатысуы түрінді көрінеді.

Мәдени және шығармашылық іс-шаралар зейнет жасына жеткен қарттардың кәрілікке бейімделуде әлеуметтік-психологиялық кедергілерді еңсеруге ықпал етеді. Соның арқасында егде жасындағы адамдардың бесленділіктері мен шығармашылыққа деген ынтасы артады. Қарт адамдар түрлі мәдени және шығармашылық топтарға қатыса отырып өздері үшін жаңа мәдени өмірді ашып, осыған дейін ойында жүрген армандарын жүзеге асыра алады. Қызмет жүгінен босап зейнетке жеткен қарттар бос уақыттарын сүйікті істеріне арнайды. Ол істермен оларға шұғылдануға ештеңе кедергі бола алмайды.

Белсенді қарттық бір жағынан қарт адамның өзінің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталса, екінші жағынан қарттарға деген қоғамның көзқарасын өзгертуге бағытталған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1. Европейская Экономическая Комиссия Организации Объединенных Наций // Программная справка ЕЭК ООН № 13 по вопросам старения Июнь 2012 г.*
- 2. Щанина, Е. В. Факторы социальной активности старшего поколения / Е. В. Щанина // Известия высших учебных заведений. Поволжский регион. Общественные науки. – 2009. – № 2 (10). – С. 57-67.*
- 3. Еріктілер жылы кезекті науқан емес // Сетевое издание «Интернет ресурс Tengrinews». https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/erktiler-jyilyi-kezeit-naukan-emes-tokaev-391330.*
- 4. «Волонтерлік қызмет туралы» 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 42-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы.*
- 5. Марунова Т.Р. Направления социальной активности пожилых людей // Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия Социология. Политология 2014. – С. 55-57.*

References:

1. *Evropejskaya Ekonomicheskaya Komissiya Organizacii Ob"edinennyh Nacij // Programmnaya spravka EEK OON № 13 po voprosam stareniya Iyun' 2012 g.*
2. *SHanina, E. V. Faktory social'noj aktivnosti starshego pokoleniya / E. V. SHanina // Izvestiya vysshih uchebnyh zavedenij. Povolzhskij region. Obshchestvennye nauki. – 2009. – № 2 (10). – S. 57-67.*
3. *Eriktiler zhyly kezekt nauqan emes // Setevoe izdanie «Internet resurs Tengrinews». https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/erktler-jyilyi-kezeht-naukan-emes-tokaev-391330.*
4. *«Volonterlik qyzmet turaly» 2016 zhylzy 30 zheltoqsandagy № 42-VI QRZ Qazaqstan Respublikasynyn Zany.*
5. *Marunova T.R. Napravleniya social'noi aktivnosti pozhilyh lyudei // Izvestiya Saratovskogo universiteta. Novaya seriya. Seriya Sociologiya. Politologiya 2014. – S. 55-57.*